

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АЖЫРАСУ ҚАТЫНАСТАРЫН АЛДЫН АЛУДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

*Жағалов Р.Б., академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ азаматтық және еңбек құқығы  
кафедрасының оқытушысы, з.ғ.м.*

*Жұмажан А., академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ заң факультетінің 3 курс студенті.  
Абылева А., академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ заң факультетінің 3 курс студенті.*

Бүгінгі қоғамда, әсіресе жастар арасында белең алып отырған ажырасу проблемасы көпшіліктің көңілін алаңдатуда. Қоғам ішін құртша кемірген бұл проблема дер кезінде шешімін таппай, осылай жалғасын таба беретін болса, қазақ халқын қандай қасырет төңіректен жүргенін өздеріңіз бағамдай беріңіздер. Қазақстан Республикасында ажырасу мәселелері қолданыстағы неке және отбасы туралы заңдардың нормаларымен реттеледі. Заман дамып, өзгерген сайын адамдардың, жалпы қоғамның көзқарасы мен құндылықтарға деген қарым-қатынасы өзгереді. Бұл- бұлтартпас шындық факті. Себебі заманға сай адам психологиясы өзгереді, бір қалыпта тұрмайды. «Адам өзгермейді дегеннің тілін кесем»,- деген емес пе еді хәкім Абай? Демек, адамның қарым- қатынасқа деген көзқарасы өзгереді. Ал біздің менталитетіміз отбасы құндылықтарын бірінші орынға қою, отбасы ұйытқысын сақтау, ата-баба дәстүрі мен салты бойынша сақтауды қарастырған.

Ажырасу-элеуметтік проблемаға айналып, енді қоғамда қалыпты жағдайда қабылдана бастады. Кез-келген проблеманың ушығуы, шиеленісуі қоғамда оған деген қалыпты көзқарастың тууына әкелетіні сияқты ажырасу да сондай деңгейге жетті. Ажырасу стресс, қайғы деңгейіне байланысты өлімнен кейін бірінші орында тұр. Бұл ауыр әрі қиын, өмірдің қысқаруына әкелетін үлкен өмірлік тәжірбие.

Мысалы, 2015 жылы Қазақстанда заңды тіркелген неке 148 769- ды құраған. 2016 жылдың қаңтар- сәуір айында 39 682 неке заңдастырылған. Неке қию 4,6% төмендеген. Осы жылдың қаңтар-сәуір айында 16 338 ажырасу фактісі тіркелген. Қазақстанда ажырасу ең көп тіркелеген аймақтарға Павлодар облысы (53%), Қостанайда (51%), Солтүстік Қазақстан облысы (50%) жатады.[1] Ал ажырасу аз тіркелген аймақ Оңтүстік Қазақстан облысы екен. Бүкіл әлемде ресми, заңды некеге тұруға қызығушылық азайып бара жатқанын байқауға болады. Әсіресе, Еуропада заңсыз некеден туған бала коэффициенті өскен. Себебі көпшілігі «ашынастық қатынастарда» тұрады. Мәліметтерге қарасақ неке коэффициенті бойынша Қазақстан БҰҰ-на кіретін 100 елдің ішінде 16-шы орында тұр. Ал ажырасу коэффициенті бойынша Қазақстан осы елдер арасында 24-ші орында. Ислам дінін ұстанатын елдердің арасында Қазақстанның ажырасу коэффициенті ең жоғарғы[1].

2017 жылдың бірінші жартыжылдығында Қазақстанда 59 007 жұп некеге тұрды, оның ішінде сол кезеңде, алты айлық некеге жетпей, 729 жұп ажырасқан, деп хабарлады Статистика комитеті. Ресми мәліметтерге қарағанда, қазақстандық жұптар жиі соттарда ажырасқан. Бұл деректермен расталады: 2017 жылғы қаңтар-маусым айларында тіркелген ажырасулардың саны 26785 болса, оның ішінде 21 543 сот шешімімен, ерлі-зайыптылардың бірлескен мәлімдемесіне сәйкес – 5242 [1].

Отбасындағы ажырасу мәселесін кең ауқымда қарастырған авторларының бірі С.С.Седельниковтың ойы бойынша, ажырасу жағдайында адам ішкі психологиялық әлемдегі тұрақсыздығымен қатар, элеуметтік тұрғыдан да, мысалы, қарым-қатынас формасында белсенді іс-әрекет барысында да тұрақсыздық көрсетпегендігі атап көрсеткен. Отбасының құлдырауы моральдық-психологиялық және элеуметтік ұстанымдарының тек қана ішкі жағдайда субъектінің жекедара өмірінде ғана емес сонымен бірге өзі өмір сүретін микроортада да қалыптасуына алып келеді [2, 145].

Көптеген жұмыстардың ішінде ең жақсы қорытылған еңбек – ажырасқан әйелдер мен балаларының проблемалары туралы жазылған Гельмут Фигдордың еңбегі. Г.Фигдордың ойы бойынша, ажырасудан кейінгі дағдарыстың ұлғайып кетуіне екі себеп бар: яғни, біріншіден, ол ажырасудың салдарынан болатын баладағы әртүрлі жағдайларда өзіне жауапкершілік ала алмауы, екіншісі – баламен қалған әкесінің немесе анасының дағдарысы. Ажырасқан әйелдер мен ер адамдардың көпшілігі біраз уақыт өткеннен кейін қайтадан отбасын құруды шешеді (кейбір мәліметтер бойынша 83% ер адамдар және 76% әйелдер). Екінші рет отбасын құрғанда олар өз қарым-қатынасын қадірлей біледі, өз міндеттерін жақсы орындайды, барлық нәрсеге салмақпен қарайды [3,49].

Жалпы ажырасу көрсеткіштің осынша мықты өсуі бірнеше факторларға тікелей байланысты. Ең бірінші, ол елдің экономикалық даму жағдайымен қоғамның әл- ауқаты мәселелері. Қоғам арасында ажырасудың басты себебі ретінде есептелетін кең тараған пікір: «Жастардың үлкен өмірге

дайындықсыз келетіндігі». Мысалы, танымал американдық әлеуметтанушы мен психолог констанция Аронс әлемде әрбір 13 секунд сайын бір отбасы ажырасатынын есептеп дәлелдеген. Бір АҚШ-тың өзінде жыл сайын 1 миллион отбасы ажырасады.

Ажырасудың себептері ретінде Н.Г. Юркевич ажырасудың мотивтері мен себептерінің біршама басқаша классификациясын ұсынды: 1. ерлі-зайыптылардың мінездерінің сәйкессіздігі; 2. жұбайлар сенімдерінің бұзылуы; 3. ата-анаға деген қарым-қатынастың нашар болуы; 4. маскүнемдік; 5. некеге махаббатсыз түсу немесе жеңілтектік күйде болу арқылы некеге түсу; 6. жұбайлардың біреуінің бас бостандығынан 3 жыл немесе одан көп ұзақ уақытқа айырылуы. Сонымен, Н.Г. Юркевич Н.Я. Соловьеваның классификациясын толықтырғанын байқаймыз. Ажырасу мотивтерінің жаңа аспектілері Н.В. Колокольниковтың классификациясында байқалады: 1. маскүнемдік; 2. мінездерінің сәйкессіздігі; 3. басқа адамға көз салу; 4. некеге жеңілтектікпен отыру; 5. ұзакуақыттық бөлектенушілік (объективті себептерге байланысты); 6. қатыгездік; 7. бас бостандығынан 3 жыл және одан да көп жылға айырылуы; 8. физикалық және жан ауруларына шалдығу; 9. ата-аналардың және басқа туысқандардың араласуы; 11. әйелдің бала көтере алмауы; 12. басқа да себептер [3;77].

Ал бізде ажырасудың себептері болып табылады олар, Тұрмыстық зомбылық; Ер мен әйелдің ішімдікке салынуы; Ер мен әйелдің есірткіге салынуы; Материалдық қиындықтар; Күйеуі не әйелі жұмыссыз; Жұбайлардың өмірге деген көзқарастары сәйкес келмеуі; Күйеуі не әйелі некеге дейін бірін-бірі ұнатпаған, некеден кейін де ұната алмаған, Көзге шөп салу; Бедеулік;

Ұл баланың да, қыз баланың да отбасылық өмірге дайындықпен келгені абзал. Ислам тұжырымы бойынша некелі ерлі-зайыптының жанжалынан Алланың Аршысы (тағы) бей-жай болады. Пайғамбарымыз Мухамед (Оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) "Алла өзінің рұхсат берген істерінің ішіндегі ең жаман көретіні- талақ"-деген екен.[4]

Ажырасудың алдын-алу. Көп жағдайда дұрыс құрылмаған қарым-қатынас пен отбасының ойрандалуы- тікелей өзімізге, серігімізге/жұбайымызға, тағдырымызға байланысты деп кінәлайды.

Негізінен ажырасудың алдын-алу - қарым-қатынасты дұрыс құрудан басталады. Отбасын құру оңай шару емес, сондықтан оған үлкен дайындықпен келу қажет. Психологтардың айтуынша, ажырасудың шектен тыс көбеюі- адамдардың өмірлік серік таңдағанда оның жан-дүниесіне үңілмей, сыртқы факторларға қарап қана бағалап таңдауынан болады. Сонымен бірге, жастардың материалдық қиындық көріп, оған шыдамай жататындықтары да – басты себептердің бірі. Демек, дайындық болуы керек.

Осы орайда психологтар ерлі-зайыптыларға мынадай ұсыныстарды ұсынады:

-Бір-біріңізге ауыр сөздерді айтудан аулақ болыңыз. Себебі ондай сөздер, қылықтар кешіріледі, бірақ ұмытылмайды.

-Проблемаларыңыз бен қиындықтарыңызды үнемі бір-біріңізге жүктеуден қашыңыз. Адамшағымнан, жылап-сықтаудан, күн сайынғы сіздің құрбандықтарға барып жатырмын деген міндетсінулеріңізден тез жалығады, шаршайды.

-Компромиске келу. Отбасы-бұл бір шаңырақ. Түсіністік танытатын кезде, жаңдайға кіруге, барлығы ой елегінен өткізіп екеуіңізге де пайдалы болатындай шешім жасауға болады. Егер біріңіз құрбандыққа бару керек болсаңыз, барыңыз. Ол сіздің отбасыңыз үшін жасалатын қадам.

-Ренішіңіз болса, өкпеніз қара қазандай болғанша үндемей жүре бермей, жұбайыңызға білдіртіңіз, айтыңыз. Сөйлесу мен әңгімелесу жоқ жерде- дұрыс отбасын құру деген бос иллюзия. Себебі неке- ұзақ әңгімелесу.

Біздің ойымызша қазіргі таңда «отбасы» ұғымы өз мәнін жоғалтып, «ерлі-зайыптылардың одағы» деген мағынаға ойысып бара жатқанының айтамыз. «Қазіргі некедегі басты тенденциясы оның кеш орын алуы. Көп жағдайда жас кезде некеге тұратындар тез ажырасып кетіп жатады.

Қазақстанда әр 10 жас отбасының жетеуі отбасылық өмірдің алғашқы бес жылында ажырасады. Мұндай деректі "Ұлағатты жанұя" қоғамдық қорының президенті Марианна Гурина ұсынысы Қазақстан ажырасатындардың саны жағынан ТМД елдері арасында алдағы орында. Жасөспірімдер үшін ата-аналардың маңызды функциясы- балаға өмірлік қиын мәселелерді шешуде көмектесу, түсіндіру, ақпараттандыру, өмірлік қырларды бағалауда өз әсерін тигізу. Жасөспірім ересектердің әлеуметтік рөлін игеруге интенсивті түрде беріледі, оның қарым-қатынас жасайтын ортасы тез ұлғаяды және өзбетінше болуға барынша ұмтыла отырып, өздеріне өмірлік тәжірибені, үлкендердің көмегін өте қажет етеді. Ата-аналарының бұл рөлдерін жасөспірімдер өздері де сезеді[5].

Жалпы, екіелдеажырасуғаәлікүнгедейінзаңментийм салынған. ОлВатиканмен Филиппин мемлекеттерінде. Дүниежүзіндекез-келгенмемлекеттеөзініңқарсықритерилербар, бірақбүлекіелдежоқ. Ватиканныңхалқының саныкөпемес, бірақкатоликтікілімгесәйкесажырасуғаболмайды. Ал, Филиппиндеелдінкез-келгеназаматажырасуызаңментиймсалынған.

Ажырасу тек арнайы жағдайларда болады және бұл процесс екі жылға дейін созылуы мүмкін. Жалпы, ажырасу үшін Филиппина заңнамасының бір жылдық кезеңіне қарағанда қысқартылған. Жалпы ереженің бірашырылғандығы Филиппиндегі мұсылмандарға және басқа ұлттың заңнамаларына ажырасуға болады. Егерде біздің заңнамаға осы талаптарды енгізсек, жастар ажыраспастан бұрын сәлде ойланатын еді.

Ал, Иран мемлекетінде Ислам заңдары бойынша ажырасу құқығы күйеуінде сақталады. Алайда, әйел ерекше жағдайларда өз құқықтарын мысалы, егер неке күйеуі кезінде ерлі-зайыптылар әйелінің ажырасу құқығы туралы уағдаласқан болса, осы құқықты пайдалана алады. Иран Ислам Республикасында әйелі некеде тұрған кезде "неке шарттары" деп аталатын белгілі бір құқықтарды талап ете алады, мысалы нашақорлықта, қатыгез қарым-қатынас болған жағдайда, төлемді тоқтату жағдайында ажырасу құқығы кіреді. Әрине, әйелі неке шарттары бойынша осындай құқықтан айырылған жағдайда да, оны ислам соты қорғайды. Бұл дегеніміз, егер күйеуі әйелі әділетсіз болса және дұрыс өмір жолынан бас тартса, онда әйелі сотқа жүгіне алады және өз құқықтарын талап ете алады.

Неке туралы сөз келгенде, біз оны бірден шындап және жауапты қабылдаймыз. Қытайлықтар үшін бұл тақырып ерекше емес. Олар үшін отбасылық дәстүрлер мен құндылықтар әрқашан бәрінен асып түседі, неке-өмірдегі маңызды оқиға, ал ажырасу туралы, негізінде, сөйлеу де мүмкін емес. Бірақ қытайлықтардың негізгі мәселелерінің бірі - олардың менталитетінің мәселесі. "Бір отбасы – бір бала" ұзақ уақыт бойы болған Қытай заңы өзінше бір даулы жағдайларда ымыраға келмеуді тудырды. Жанжал жағдайында ерлі-зайыптылар "жанасу нүктелерін" таба алмайды және ажырасуды шешеді. Отбасының бұзылуының тағы бір жиі себебі-опасыздық. Зерттеу көрсеткендей, Қытайдағы жұптардың 70% серіктестердің бірінің некеден тыс байланыстарына байланысты. Алайда, қазір ерлер өздерінің некеден тыс өмірін жарияламайды, себебі екілік тыйым салынған және заңмен жазаланады. Тіпті ажырасулар санының артуымен болған қайғылы жағдайға қарамастан Қытайда "доктор браков" жұмыс істейді. Бұл отбасылық психологтар, олар жұптардың қарым-қатынасын түсінуге, олардың жанжалдарының себептерін табуға және ымыраға келуге көмектеседі.

Ажырасудың ең көп таралған ресми себептері осындай: 1. мінездің үйлесімсіздігі; 2. жыныстық мұқтажықтардың қанағаттанбауы; 3. қаржылық қиындықтар.

Қытайдың 64 қаласында 2017 жылы "Бақытты отбасы құру" бағдарламасы іске қосылды. Осылайша, Қытай үкіметі ажырасулар санының қауіп-қатерін өзгертуге және отбасы институтын құру үшін қолайлы жағдай жасауға тырысады.

Біздің Елімізге «Жас отбасы» курсы енгізсек, мүмкін ажырасудың саны азайып қалар деген үміттеміз. Мысалы жас жұптардың үлкен өмірге бірге қадам басар алдында 1 ай мерзімде «Жас отбасы» курсынан өтуге, олардың бір-біріне деген сезімдерін, көзқарастарын анықтауға, отбасылық өмірге дайындығын және жалпы психологиялық тұрғыда үйлесімділікті анықтауға мүмкіндік беру арқылы жастардың салқын қанды шешім қабылдауларына септігін тигізеді. Біздің пікірімізше яғни «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсанда қабылданған кодекстің 13 бабына «Неке қиюдың (ерлі-зайыпты болудың) тәртібі» «Жас отбасы» курсынан өтуді қосымша тармақша ретінде енгізуді ұсынамыз.[6]

Отбасының дәстүрлі құндылықтары сақталмаған соң, ерлі-зайыптылар ажырасып олардың артында «махаббатты, жылулықты сезінбеген», толыққанды отбасы деген ұғымның не екенін түсінбейтін балалар қалады. Ал бұл балалар үлкен өмірге қадам басқанда өз өмірлеріне де осы науқанды әдетке айналдыратыны дәлелденген. Мұндай отбасылардан (отбасы деуге келсе) өскен балалар толыққанды жеке тұлға болып қалыптасу кезінде түрлі қиындықтарға бой алдырып, шын мәнінде есеймеген бала күйінде қалады. Ажырасудың бала үшін тигізетін зардабы – бірінші мәселе болса, екінші жағынан ажырасу процесін орындаушыларға бұл үлкен трагедия. Себебі шын мәнінде жан-дүние мен адамның психологиясына күйзеліс әкелетін ажырасу нағыз – қайғы. Бұдан кейін адамның әсіресе әйелдер қауымының қайтадан өмір айналымына қайта ену ауыр әрі ұзақ процесс.

Ажырасқан ер адамдардың әйелдерге қарағанда қайта некеге тұру мүмкіндігі өте жоғары. Алайда ажырасқан ерлердің 50% сол күйінше үйленбей, жалғыз қалып қалады екен. Ал әйелдерге ажырасқан соң қайта некеге тұру үшін өте ұзақ уақыт, шамамен 10-15 жылдай керек екен. Ажырасуды мүлдем болдыртпау, оған заңды тұрғыда тоқтау қою мүлдем дұрыс емес әрі мүмкін де емес. Алайда оған міндетті түрде тоқтау қажет. Ажырасқан отбасыларда, ермен әйелдің екеулеп көтеретін ауыр жүгі бір адамның мойнына жүктеліп, әбден титықтатып, ығырын шығарады. Мұндай ауыртпашылыққа төзімі шыдамай кейбіреуі өмірден түңіліп түрлі жаманшылықтарға бой алдырса, енді біреулері өз – өзіне қол жұмсап жатады.

Отбасы тыныштығын сақтау ердің де әйелдің де міндеті. Осы жауапкершілікті сезіне отырып, ерлі-зайыптылар әр дайым бір-біріне рухани және материалдық жағынан қолдау көрсетулері тиіс. Қиындықтарға тап болған жағдайларға сезім жетегінде кетіп қалмай, салқынқандылықты танытып, сабырмен шешкеніміз жөн. Жастардың көбі ажырасу арқылы проблемалары шешіледі деп ойлайды. Бұл қате пікір. Ажырасу-әбден тығырыққа тіреліп, басқа шығар жол қалмаған жағдайда ғана іске асырылады. Әйтпесе, қылт етіп бой көрсеткен әрбір қиыншылық үшін ажыраса салатындай отбасы еріккенің ермегі емес. Отбасылық өмірге аяқ басқа әрбір Азамат пен Азаматша Пайғамбарымыздың мына хадисін ұмытпай, үнемі жадында ұстаса екен дейміз. Пайғамбарымыз: (Оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) "Рұқсат етілген істердің ішіндегі Аллаға ең ұнамсызы-ажырасу" деген. Жауапкершілікті ту етіп, сабырды қалқан етіп, иман менен бірлікті басты ұстанымға алып, өз отымызды өшіріп алмауға тырысайық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Некебұзуістері бойыншататуласу мерзімі, Нұрғаным Имашева 30-наурыз 2018 жыл [http://tumba.kz-Neke\\_buzu\\_isteri\\_bojynsha\\_tatulasu\\_merzimi.html](http://tumba.kz-Neke_buzu_isteri_bojynsha_tatulasu_merzimi.html)
2. Мырзабаев, Е. Қ. Отбасы институтын күшейту керек Қазақстан-ZAMAN. - 2017. - 19 қаңтар (№3).
3. Головченко К. Развод как социальная проблема-автореферат. Саратов, 2016.
4. Қазақстан мұсылмандардың діни басқармасы, "САХИХ ӘЛ-БУХАРИ" кітабы, Алматы-2005 <https://islamhouse.com/kk/books/2780769/>
5. Мамандар елімізде ажырасудың жағдайларын азайтуды жолдарын айтты, Сандуғаш Алимжанова [https://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/mamandar-elmzde-ajyirasu-jagdaylaryin-azaytudyin-jolyin-354210](https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/mamandar-elmzde-ajyirasu-jagdaylaryin-azaytudyin-jolyin-354210), 24-қыркүйек 2018 жыл
6. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсанда қабылданған кодекс. (өзгертулер мен толықтырулар 02.07.2018) <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518>

## ГЕННАЯ ИНЖЕНЕРИЯ КАК ОТРИЦАТЕЛЬНОЕ ВЛИЯНИЕ НА СОВРЕМЕННОЕ ОБЩЕСТВО КАЗАХСТАНА

*Токатов Р.А., старший преподаватель Карагандинского государственного университета  
им. Е.А. Букетова, магистр права*

*Бекова Н., студентка 3 курса Карагандинского государственного университета им. Е.А. Букетова*

В настоящее время в Казахстане отсутствует четко сформулированная политика в области ГМО (Генетически модифицированный организм) нет определенной позиции. Общественники-экологи Казахстана заявляют о том, что в стране отсутствует эффективная система, регулирующая вопросы безопасности генно-инженерной деятельности, передает корреспондент МИА «Казинформ». По данным эко форума НПО Казахстана, в стране нет единого национального координационного органа, из-за чего возникает разрозненный подход министерств и ведомств. Этот беспорядок ставит с одной стороны барьеры для легального широкомасштабного внедрения в производство ГМО, а с другой стороны даёт возможность для нелегального производства генно-модифицированной продукции. «Политики опасаются оказаться на обочине технического прогресса в области генной инженерии, в то же время их останавливает отсутствие научной уверенности в безопасности ГМО и заманчивые перспективы сделать Казахстан одним из лидеров органического производства», — сказал биолог-эколог Евгений Климов в ходе круглого стола по вопросам ГМО в Астане [1]. Также он отметил моменты регулирования оборота ГМО в Казахстане. По его словам, производство ГМО отнесено к экологически опасным видам хозяйственной деятельности. В стране действует обязательное экологическое страхование при производстве. Для продажи, ввоза, упаковки необходимы подтверждение и обеспечение безопасности ГМО. Выведение ГМО в РК осуществляется при наличии положительных заключений государственных экологической и санитарно-эпидемиологических экспертиз. Вместе с тем отечественные учёные и общественные деятели продолжают дискутировать о положительных и отрицательных возможностях ГМО. «Наша обычная пшеница даёт 7-8 центнеров с гектара в хорошие годы, а семена, к которым подключён ген нашей колючки, повышает урожайность до 180. Конечно, это может оказаться хорошим продуктом, но не